

Н.Қ. Нұрланова, э.ғ.д., профессор<sup>1</sup>Г.К. Андабаева, э.ғ.к., доцент<sup>2</sup>Н.Қ. Сапарбек\*, PhD докторанты<sup>1</sup>ҚР БҒМ ҒК «Экономика институты»<sup>1</sup>

Алматы қ., Қазақстан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті<sup>2</sup>

Алматы қ., Қазақстан

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: usibalieva@mail.ru

## АЙМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫН ИНКЛЮЗИВТІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада аймақтардың әлеуметтік саласының инклюзивті дамыту мәселелері қарастырылды. Соңғы уақытта әлеуметтік саланың инклюзивтік бағдарланған тұжырымдамалары экономикалық даму саясатында өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Яғни, аймақтарда әлеуметтік саланы реттеуге инклюзивтік тетіктерді енгізу: еңбекке қабілетті халықты аймақтың барлық аумағында тең дәрежеде жұмыспен қамтамасыз ету; тікелей мемлекеттік қолдау мен ғылыми зерттеулер арқылы ауылдық аумақтарда өндіріс орындарын инклюзивті даму қағидатын іске асыру үшін әлеуметтік саланың инфрақұрылымдық объектілері ретінде жан басына шаққандағы ең төменгі әлеуметтік стандарттарын бағалау.

Мақаланың негізгі идеясы аймақтық дамуды реттеу қағидатарының негізін құрайтын ұлттық экономика мен қоғамның инклюзивті даму деңгейін өлшеудің мәні, қағидаттары мен әдістерін анықтау болып табылады. Сонымен қатар, 2016-2020 жылдар кезеңінде аймақтардың әлеуметтік дамуының инклюзивтілік деңгейіне баға берілді. Сондай-ақ, қарастырылып отырған мәселелер мен оның элементтерінің жай-күйінің инклюзивтілік тұрғысынан көрсететін көрсеткіштер деңгейі зерттелді. Егер кешенді көрсеткіштерді есептеу және оларды біріздендірілген әдістеме негізінде саралау жолымен елдің аймақтары мен елді мекендерінің әлеуметтік, экономикалық даму деңгейіне тұрақты негізде мониторинг жүргізілсе, бұл мәселені шешуге болады. Мониторинг нәтижелері аймақтық бағдарламаларды әзірлеуге және басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз бола алады.

**Кілт сөздер:** аймақ; инклюзивті өсу; тұрақты даму; инклюзивті даму көрсеткіштері; экономика; әлеуметтік даму; инклюзивті даму; әлеуметтік тепе-теңдік; қағидаттар; жұмыспен қамту; жалпы ішкі өнім.

**Ключевые слова:** регион; инклюзивный рост; устойчивое развитие; показатели инклюзивного развития; экономика; социальное развитие; инклюзивное развитие; социальное равновесие; принципы; занятость; валовой внутренний продукт.

**Keywords:** region; inclusive growth; sustainable development; indicators of inclusive development; economy; social development; inclusive development; social balance; principles; employment; gross domestic product.

**Кіріспе.** Соңғы жылдары 4.0 Индустриясының ықпалымен ұлттық экономикаларды цифрландыру деңгейіндегі айырмашылықтар күшейіп, елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі алшақтық және халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының теңсіздік ауқымы арта түсті [1]. Аймақтардың теңсіздікті еңсерудің және ресурстардың, тауарлар мен қызметтердің әділ бөлінуін қамтамасыз етудің бір тәсілі ел аймақтарының экономикасы мен қоғамын инклюзивті дамыту болып табылады.

Қазақстан аймақтарының инклюзивті әлеуметтік дамуы елдің әрбір азаматы қандай ай-

мақта, қалада немесе ауылда тұратынына қарамастан, яғни орналасқан жеріне байланысты емес, жайлылықтың, қауіпсіздіктің, көлікпен тасмалдану қолжетімділігі бірдей (салыстырмалы) стандарттарына, тұтынудың сандық және сапалық параметрлеріне құқығы бар екенін білдіреді. Яғни, бұл дегеніміз инклюзивті даму тетіктерін аймақтарда жүзеге асыру керек. Сонымен қатар, аймақтарды дамытудың әлеуметтік саясаты қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету, санаторий-курорттық емдеу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, жұмыспен қамту және басқа да

<sup>1</sup> Статя подготовлена при поддержке грантового финансирования Министерства образования и науки Республики Казахстан по проекту ИРН АР09259004 «Приоритеты и механизмы инклюзивного регионального развития Казахстана в условиях преодоления спада экономики».

әлеуметтік салаларында қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды көздеуге тиіс.

Аймақтарда инклюзивті дамуын қамтамасыз ету қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының негізі болып табылады және экономикалық даму деңгейіне тікелей байланысты. Сонымен қатар, Қазақстанның аймақтық дамуы үшін: аумақтардың экономикалық даму деңгейлері мен әлеуметтік саланың дамуы арасындағы; әлеуметтік саланың ресурстық қамтамасыз етілуі мен халыққа көрсетілетін қызметтер көлемі арасындағы; әлеуметтік дамудың негізгі индикаторларының республикалық және аймақтық деңгейлері арасындағы сәйкессіздіктердің болуы тән қағидат.

Қолда бар көзқарастарды зерттеу кезінде инклюзивті әлеуметтік даму моделіне көшу экономиканың барлық секторларында және ел аймақтарында тұрақты және теңгерімді өсуге қол жеткізу, ресурстар мен игіліктерді бөлудің неғұрлым әділ жүйесін құру жолымен бір елдің әртүрлі аумақтарында тұратын аймақтардың, халықтың жекелеген жіктері мен топтарының кірістері мен өмір сүру деңгейінің теңсіздігін еңсеруді білдіреді деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз халықтың кедейлік деңгейі мен аймақтардың теңсіздігін жоюға ықпалын тигізеді.

Мақаланың басты мақсаты – инклюзивті даму негізінде аймақтық экономикаға қатысты оның қағидаттарын әзірлеу.

**Зерттеу әдістері.** Аймақтардың әлеуметтік саласын инклюзивті дамыту мүмкіндіктеріне байланысты көрсеткіштерге экономика-статистикалық және салыстырмалы әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.

**Әдебиеттік шолу.** Алдымен инклюзивті дамудың анықтамаларына тоқталар болсақ, біріншіден материалдық және материалдық емес тауарларды бөлуде әділеттілікті сақтау ретінде «инклюзивтілік» идеясына негізделген. Мысалы, R. Saman, J. Blanke, M. Drzeniek, G. Corrigan түсініктері бойынша инклюзивті өсу деп бүкіл қоғамның әл-ауқатын арттыру мақсатында материалдық және материалдық емес ресурстарды әділ бөлуге бағытталған экономикалық өсу деген тұжырымға келген [2].

Екінші тәсіл инклюзивті даму «әлеуметтік-экономиканы» қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған. Осылайша, R. Hasmath инклюзивті өсу мен даму байлық пен игіліктерді халық арасында тікелей, біркелкі және тең құқылы бөлу, яғни әлеуметтік-экономиканы дамыту есебінен әл-ауқатты

арттыруға және теңсіздікті төмендетуге бағытталған экономикалық өсу деп түсіндірген [3].

Үшінші тәсіл инклюзивті дамуды тұрақты дамуға жақын ұғым ретінде қарастырады. M. Feshari, M. Valibeigi өз еңбектерінде инклюзивті өсуді әлеуметтік теңдікті, қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды ескере отырып, теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық жүйені құруға және дамытуға бағытталған экономикалық модель ретінде анықтайды [4]. Сондай-ақ бірқатар ресейлік ғалымдарда, яғни, А. Севастьянова, А. Токарев, в. Шмат [5] осы әдістерге қосылатынын дәлелдеген. Олардың пайымы бойынша «инклюзивтілік тұрақты дамуға жақын ұғым деп санаймыз және оған дәлел ретінде «әлеуметтік-тұрақтылық» ұғымын енгізуді ұсынамыз [6]. Сонымен қатар, тұрақтылық - инклюзивтік өсудің жай-күйінің бірі ғана көрсеткіші болып табылады деген.

Сондай-ақ, аталған ғалымдардың зерттеулеріне қосыла отырып, аймақтардың дамуын зерттеп жүрген отандық ғалымдардың пайымы «Инклюзивті дамуды ынталандыру үшін елдің әртүрлі аймақтарындағы халықтың мүлкілік стратификация дәрежесін төмендетіп қана қоймай, сонымен қатар сапалы білім мен медициналық-санитарлық қызметке қол жетімділікті кеңейту негізінде мүмкіндіктердің теңдігіне ықпал ету қажет. Ауыл және қала халқының денсаулық сақтау мен білімге тең қол жеткізуі экономикадағы еңбек өнімділігінің артуына оң әсерін тигізуі мүмкін» деп Нұрланова Н. Қ., Бірімбетова Н.Ж. өз зерттеулерінде атап көрсетті [7].

Инклюзивті өсуге қатысты қазіргі көзқарастарды жалпылау бұл экономиканың барлық салаларында тұрақты және теңгерімді өсуді ғана емес, сонымен бірге халықтың кедейлігін азайтуға ықпал ететін байлықты бөлудің әділ сипатын білдіреді деген қорытындыға келді. Осыған байланысты әлемдік регионалистикада жергілікті және аймақаралық байланыстарды дамыту, сондай-ақ жеке алынған аумақ емес, елдің бүкіл экономикалық аймағындағы тепе-теңдік жағдайын қамтамасыз ету қажеттілігін ескеретін аймақтық инклюзивті әлеуметтік дамудың қағидаттары пайда болады.

**Негізгі бөлім.** Аймақтық экономикалық ғылымда қолданыстағы аумақтың экономикалық әлеуеті мен даму профилін анықтау әдістері әртүрлі, бірақ көбінесе әлеуметтік даму ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі комбинация-

ларды қатар қолданып, бірін-бірі толықтырды. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері халықтың өмір сүру сапасының деңгейі болып саналады. Аймақтардың әлеуметтік дамуын бағалау үшін аймақтық экономиканың жай-күйін сандық түрде көрсететін ЖАӨ және даму көрсеткіштер жүйесін зерттеу орынды болып табылады.

Қазақстан аймағының экономикалық дамуының негізгі трендтерін талдау және әлеуметтік теңсіздікті сипаттайтын коэффициенттерді есептеу көрсеткіштерінің бірі жан басына шаққандағы ЖАӨ болып табылады. Талдау 2016-2020 жылдар кезеңінде еліміздің 17 аймағы бөлінісінде жүргізілді. Жан басына шаққандағы ЖАӨ көрсеткіші аймақтардағы айырмашылықтар дәрежесін саралау және бағалау үшін жүзеге асырылды. Бұл ретте ең жоғары көрсеткіші бар аймақтар - 1-ші дәрежелі, ал ең төмен көрсеткіші бар аймақтар Қазақстан аймақтар саны бойынша 16 – шы дәрежелерге ие болады. Яғни, жан басына шаққандағы ЖАӨ бойынша деректер экономикалық кеңістіктің сақталып отырған біртектілігі туралы айта-

ды. Алынған мәліметтерге сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы, сондай-ақ Ақмола, Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстары 3-5 орынға иеленсе, Қостанай облысы көшбасшы болып табылады, өйткені 2016 жылға қарағанда 2020 жылы ЖАӨ 1,9% өскенің байқаймыз. Аутсайдерлер қатарында мегополис болып табылатын Алматы қаласы мен мұнайлы өлке Маңғыстау облысы, басқа аймақтарға қарағанда 2016 жылға қарағанда 2020 жылы ЖАӨ не бәрі 1,1 % құрап төмен деңгейді көрсетіп отыр. Мегополис болып табылатын Алматы қаласы мен мұнайлы өлкелердің төмен деңгейді көрсетуі, әлемде болған пандемия әсері өз ықпалын тигізді. Мысалы, көшбасшы аймақтар мен аутсайдер аймақтарының алшақтығы саралау коэффициенті бойынша Қостанай облысы Маңғыстау облысынан пайыздық көрсеткіші 8 есеге асып түсті (1-кесте). Ел аймақтарында экономикалық дамуындағы әлеуметтік сәйкессіздіктердің сақталып отырған елеулі ауқымы аймақтардың теңсіздігінің қалыптасуының айғағы болып табылады. Бір ғана көрсеткіштің өзінен аймақтардың даму деңгейінің теңсіздігін байқауға болады.

1-кесте

Жан басына шаққандағы ЖАӨ серпіні және оның мәні бойынша Қазақстан аймақтарын саралау, теңге\*


Аймақтар	2016	2017	2018	2019	2020	2020 ж. 2016 ж. % - бен	Ранг
<b>Қазақстан Республикасы</b>	2639700	3014700	3382500	3755700	3766800	1,4	9,10,11
Ақмола	1818200	2107800	2301000	2621200	3102500	1,7	3,4,5
Ақтөбе	2464900	2749700	3136000	3396800	3329800	1,4	9,10,11
Алматы	1114200	1235800	1378200	1585500	1805200	1,6	6,7,8
Атырау	8653100	9685100	12465500	14584400	11883200	1,4	9,10,11
Батыс Қазақстан	3179800	3628400	4295800	4501200	4151200	1,3	12,13
Жамбыл	1062700	1210000	1366300	1518800	1675800	1,6	6,7,8
Қарағанды	2682600	3100900	3431900	3911000	4431700	1,7	3,4,5
Қостанай	1727000	2108900	2367000	2815900	3314500	1,9	1
Қызылорда	1701100	1839000	2088100	2289100	2033300	1,2	14
Маңғыстау	3880600	5058800	5682500	5352800	4335100	1,1	15,16
Оңтүстік Қазақстан	975300	1097700	0	0	0	0,0	0
Павлодар	2606900	3134300	3641100	4023300	4151400	1,6	6,7,8
Солтүстік Қазақстан	1621000	1985900	2177700	2505900	2877700	1,8	2
Түркістан	0	0	838200	1008100	1174200	0,0	0
Шығыс Қазақстан	2006000	2289500	2598800	2929200	3369800	1,7	3,4,5
Нұр-Сұлтан қаласы	5273300	5766200	6359500	7075800	6873600	1,3	12,13
Алматы қаласы	6138500	6694200	6635900	7183900	6913000	1,1	15,16
Шымкент қаласы	0	0	2217100	2152100	2360300	0,0	0

\* [8] дереккөздер бойынша есептелді және құрастырылды

## Экономика

Сондай-ақ, Қазақстанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына жетпейтін халық үлесі 1% артты. Қалалық және ауылдық жердегі табыс айырмашылығы әлі де бар. Мәселен, қалалық жерде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына жетпейтін халықтың үлесі – 9,9%, ал ауылдық жерде 12,7% құрайды. 2020 жылы кедейліктің ауылдық және қалалық деңгейлері

арасындағы ең үлкен айырмашылық Түркістан (12,7 есе), Атырау (0,6 есе) облыстарында байқалды. Сонымен «2020 жылы Джини коэффициенті 0,291 құрады. Халықтың 10% ең аз және 10% ең көп қамтамасыз етілген топтарының арасалмағы (қорлар коэффициенті) 5,9 есені құрады. Кедейліктің тереңдігі мен өткірлігі сәйкесінше 0,8% және 0,2% болды» [9].



1-сурет. 2020 жылы аймақтар бойынша қалалық және ауылдық жерлердегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен табысы бар халықтың үлесі\*

\*әдебиет негізінде құралған [9]

Аймақтық теңсіздік мәселесін шешу Қазақстанның даму моделінің орнына инклюзивтік экономикалық даму моделіне көшуінен көрінеді, оны іске асыру кезінде ресурстарды тұтынуды тұрақты ұлғайту және тұтынушылық сұраныстың өсуі есебінен экономикалық өсуге қол жеткізіледі. Осы зерттелген көрсеткіштерді қорытындылай келе, инклюзивті даму елдердегі, аймақтардағы кірістер мен өмір сүру деңгейі арасындағы теңсіздікті бір елдің әртүрлі территорияларында тұратын жекелеген топтар мен осы топтардың өмір сүруінің алшақтығын қамтиды деген қорытындыға келе аламыз. Инклюзивті даму тұжырымдамасы адамдарға бағытталған болғандықтан, аймақтарда орналасқан мекеніне байланысты емес халықтың тұрмыс деңгейі тең, әрі жұмыс және әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, медицина, мәдениет және т.б. - инклюзивті дамудың объектісі де, субъектісі де болуы керек.

Инклюзивтілік қағидаты ауылдық жерлерде ерекше басымдыққа ие болуға тиіс, өйткені ел халқының 40%-ын құрайтын ауыл халқының табысы қала халқының табыс көзінен төмен деңгейін көрсетіп отыр. Бұл оның нәтижелерінің ауыл халқы үшін қолжетімділігінің төмендігін ғана емес, олардың жаңа жобалар мен жаңа жұмыс

орындарына тартылуының одан да төмен деңгейіне байланысты. Осындай жағдайдың салдарынан қала халқының табысымен салыстырғанда ауыл халқының табыстарының өсуінде артта қалушылық байқалады, осыған байланысты көптеген әлеуметтік мәселелерді шешу қиынға соғады. Осыған орай халықтың әртүрлі топтарының кірістеріндегі айырмашылықтардың жоғары деңгейі елдегі ресурстарды бөлуге қатысты елеулі әлеуметтік қақтығыстарға әкелуі мүмкін және экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа теріс әсер етеді. Мұның бәрі елдің әртүрлі аймақтарындағы халықтың әлеуметтік қызметтерге тең қол жеткізуіне кедергі болып табылады. Экономиканы дамытудағы сәйкессіздіктерді еңсеру және елде және оның аймақтарында тұратын адамдардың теңсіздігін азайту үшін инклюзивті даму тетіктерін іске асыру қажет.

**Қорытынды.** Зерттеуді қорытындылай келе, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау кезінде халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасына байланысты мәселелерге «жаңа» көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін инклюзивті өсу көрсеткіштерін қолдану қажет екенін атап өткен жөн. Аймақтық дамудың инклюзивтілігін бағалау көрсеткіштерін таңдау кезінде халықтың өмір сүру деңгейі

мен сапасын бағалауға жаңа көзқарас ұсына-тын, оның құрамдас бөліктері туралы идеяны кеңейтетін халықаралық ұйымдардың әдістерін қолданған жөн. Осылайша, инклюзивті дамыту Қазақстан үшін тұтастай алғанда маңызды, өйткені олар: - бүкіл қоғамның мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді; - халықтың әртүрлі топтары үшін тең емес қолжетімділікті азайтады; - халықтың осал топтарының өмір сүру сапасын жақсартуды және адами капиталын дамытуды, оны өнімді қызметке тартуды қамтамасыз етеді, сол арқылы ел аумақтарының әлеуметтік-экономикалық теңсіздігін қысқартуға ықпал етеді.

Осылайша, аймақтардың әлеуметтік сала-сын инклюзивті дамыту үшін келесідей іс-шараларды жүргізу қажет: - әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан, егер экономикалық әл-ауқат пен халықтың саяси мүдделеріндегі үлкен айыр-машылықтар әлеуметтік тұрақтылықтың бұ-зылуына ықпал етсе, теңсіздік тұрақсыздан-дырушы фактор болуы мүмкін; - орталықтан (перифериядан) шалғай аймақтарда халықтың

өмір сүру деңгейі мен сапасындағы теңсіздік мәселелерінің күшеюі тиімді жұмыс орындары-ның жеткіліксіздігі, көлік тасмалының төмен-дігі, инфрақұрылымның нашар дамуы, еңбек ресурстары біліктілігінің салыстырмалы төмен деңгейі және әлеуметтік қызметтермен (білім беру, денсаулық сақтау) қамтамасыз етілуінің төмендігі салдарынан туындайды; - әртүр-лі деңгейдегі аймақтарда (аудан, қала, облыс, республика) медициналық мекемелердің қыз-метіне қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді енгізу, яғни халықтың денсаулығын жақсар-ту мақсатында; - тұратын жеріне қарамастан және әлемдік стандарттарға сәйкес келетін қол-жетімді әлеуметтік қызметтер ұсыну, халықты толығымен ақпараттық-цифрлық қызметтер-мен қамтамасыз ету, білім деңгейін арттыру; еліміздің аймақтарындағы теңсіздікті жойып халықтың әлеуметтік тұрғыда әл-ауқатын көте-ру, осы аталған іс-шаралар жүзеге асқан кезде, мемлекетіміз инклюзивті дамып, болашағымыз жарқын болатынына сеніммен айтамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Nurlanova N., Dnishev F., Kireyeva A., Alzhanova F., Omarov A. Inclusive development as a Means of Overcoming Regional Inequality / E3S Web Conference «Sustainable Development and Green Growth on the Innovation Management Platform» (SDGG 2021). – 2021. – Volume 291, 03005 (2021). – <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202129103005>.
2. Samans R., Blanke J., Drzeniek M., Corrigan G. The Inclusive Growth and Development Report 2017. Geneva, Switzerland: World Economic Forum // World Economic Forum (2017) [updated March 15, 2017; cited October 30, 2021] Available: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Forum\\_IncGrwth\\_2017.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_Forum_IncGrwth_2017.pdf)
3. Key Indicators for Asia and the Pacific 2014: Framework of Inclusive Growth Indicators, Special Supplement. – Mandaluyong City, Philippines: Asian Development Bank (2014) [updated April 5, 2014; cited November 13, 2021] Available: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Forum\\_IncGrwth\\_2017.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_Forum_IncGrwth_2017.pdf)
4. Hasmath, R. Inclusive growth, development and welfare policy: A critical assessment. New York: Routledge Taylor & Francis Group, 2015. 293 с. doi:10.4324/9781315732626
5. Севастьянова А., Токарев А., Шмат В. Особенности применения концепции инклюзивного развития для регионов ресурсного типа // Регион: экономика и социология. – 2017. – № 1 (93). – С. 213-236.
6. Поподько Г.И. Социальная устойчивость экономической системы // European Social Science Journal. – 2011. – № 10. – С. 392-297.
7. Нурланова Н.К., Бримбетова Н.Ж. Инклюзивное развитие в пространственном ракурсе: особенности, проблемы и возможности Казахстана // Общество и экономика. – 2017. – № 8. – С. 67-83.
8. Регионы Казахстана в 2020 году /Статистический ежегодник Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Бюро национальной статистики / Под ред. Айдапкелова Н.С. – Нур-Султан. – 2021. – 456 с. <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.
9. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) – официальный сайт Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT438946>.

## REFERENCES

1. Nurlanova N., Dnishev F., Kireyeva A., Alzhanova F., Omarov A. Inclusive development as a Means of Overcoming Regional Inequality / E3S Web Conference «Sustainable Development and Green Growth on the Innovation Management Platform» (SDGG 2021). – 2021. – Volume 291, 03005 (2021). – <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202129103005>.
2. Samans R., Blanke J., Drzeniek M., Corrigan G. The Inclusive Growth and Development Report 2017. Geneva, Switzerland: World Economic Forum // World Economic Forum (2017) [updated March 15, 2017; cited October 30, 2021] Available: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Forum\\_IncGrwth\\_2017.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_Forum_IncGrwth_2017.pdf).
3. Key Indicators for Asia and the Pacific 2014: Framework of Inclusive Growth Indicators, Special Supplement. – Mandaluyong City, Philippines: Asian Development Bank (2014). [updated April 5, 2014; cited November 13, 2021] Available: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Forum\\_IncGrwth\\_2017.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_Forum_IncGrwth_2017.pdf)
4. Hasmath, R. Inclusive growth, development and welfare policy: A critical assessment. New York: Routledge Taylor & Francis Group. – 2015. – 293 с. – DOI:10.4324/9781315732626.
5. Sevast'yanova A., Tokarev A., Shmat V. Osobennosti primeneniya koncepcii inkljizivnogo razvitiya dlya regionov resursnogo tipa [Features of the application of the concept of inclusive development for resource type regions] // Region: Economics and Sociology. – 2017. – № 1 (93). – P. 213-236 [in Russian].
6. Popod'ko G.I. Social'naya ustoichivost' ekonomicheskoi sistemy [Social stability of the economic system] // European Social Science Journal. – 2011. – No. 10. – P. 392-297 [in Russian].
7. Nurlanova N.K., Brimbetova N.Zh. Inkljizivnoe razvitie v prostranstvennogo racurse: osobennosti, problemy i vozmozhnosti Kazakhstana [Inclusive development in spatial perspective: features, problems and opportunities of Kazakhstan] // Society and economy. – 2017. – No. 8. – P. 67-83 [in Russian].
8. Region Kazakhstan (2020) / Statisticheskii ezhegodnik. Agenstvo po strategicheskemu planirovaniji i reformam RK. Bjiro nacional'noi statistiki [Statistical Yearbook. Agency for strategic planning and reforms of the republic of Kazakhstan. Bureau of national statistics] / Pod. red. Aidapkelova N.S. – Nur-Sultan. – 2021. – 456 p. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Russian].
9. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) – oficial'nyi sait Agenstvo po strategicheskemu planirovaniji i reformam RK [official website of the Agency for strategic planning and reforms of the republic of Kazakhstan]. – <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT438946> [in Russian].

**Н.К. Нурланова, Г.К. Андабаева, Н.К. Сапарбек**

**ПРОБЛЕМЫ ИНКЛЮЗИВНОГО РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЫ РЕГИОНОВ**

**Аннотация**

В статье рассмотрены вопросы инклюзивного развития социальной сферы регионов. В последнее время инклюзивно ориентированные концепции социальной сферы становятся одной из актуальных проблем в политике экономического развития. То есть, внедрить в регионах инклюзивные механизмы регулирования социальной сферы: обеспечить трудоспособное население равной занятостью на всей территории региона; оценка минимальных социальных стандартов на душу населения как инфраструктурных объектов социальной сферы для реализации принципа инклюзивного развития производств на сельских территориях посредством прямой государственной поддержки и научных исследований.

Основная идея статьи заключается в определении сущности, принципов и методов измерения уровня инклюзивного развития национальной экономики и общества, составляющих основу принципов регулирования регионального развития. Кроме того, дана оценка уровня инклюзивности социального развития регионов в период 2016-2020 годов. Также изучен уровень показателей, отражающих состояние рассматриваемой проблемы и ее элементов с точки зрения инклюзивности. Эту проблему можно решить, если на постоянной основе проводить мониторинг уровня социально-экономического развития регионов и населенных пунктов страны путем расчета комплексных показателей и их дифференциации на основе унифицированной методики. Результаты мониторинга могут служить основой для разработки региональных программ и принятия управленческих решений.

**N. Nurlanova, G. Andabayeva, N. Saparbek**

**PROBLEMS OF INCLUSIVE DEVELOPMENT OF THE SOCIAL SPHERE OF THE REGIONS**

**Annotation**

The article deals with the issues of inclusive development of the social sphere of the regions. Recently, inclusively oriented concepts of the social sphere have become one of the urgent problems in the policy of economic development. That is, to introduce inclusive mechanisms of regulation of the social sphere in the regions: to provide the able-bodied population with equal employment throughout the region; assessment of minimum social standards per capita as infrastructure objects of the social sphere for the implementation of the principle of inclusive development of industries in rural areas through direct state support and scientific research.

The main idea of the article is to determine the essence, principles and methods of measuring the level of inclusive development of the national economy and society, which form the basis of the principles of regulation of regional development. In addition, the assessment of the level of inclusiveness of the social development of the regions in the period 2016-2020 is given. The level of indicators reflecting the state of the problem under consideration and its elements from the point of view of inclusiveness is also studied. This problem can be solved if the level of socio-economic development of regions and settlements of the country is constantly monitored by calculating complex indicators and differentiating them based on a unified methodology. The monitoring results can serve as a basis for the development of regional programs and management decisions.

